



АРАЙ

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 03 (7790)
Дүйсенбі,
12 қаңтар 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

ЖАҢАЛЫҚТАР

♦ РЕСПУБЛИКАДА

Елімізде зейнетақы 9 пайызға өсті



«2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңда көрсетілгендей, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап ең аз зейнетақы мөлшері 23 692 теңге болып белгіленді. Еске сала кетейік, 2014 жылы ең аз зейнетақы көлемі 20 782 теңгені құраған-ды.

Ал мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері 2015 жылғы 1 қаңтардан 11 182 теңгеге дейін ұлғайды. 2014 жылғы мемлекеттік базалық зейнетақылық төлем мөлшері 9 983 теңге болған. Бұл зейнетақының ең төменгі мөлшері 34 874 (23 692 + 11 182) теңгеге өскенін білдіреді.

Еліміздегі зейнеткерлердің саны 1,9 миллионнан асып жығылады. Өткен жылы ең жоғары зейнетақы мөлшері 67 399 теңге болса, енді 73 257 теңгеге артты. Оның орташа мөлшері 45 633 теңгеден 49 532 теңгеге көтерілді.

Сондай-ақ, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшері де 7 пайызға өсті. Елімізде жәрдемақы алушылар саны 600 мыңнан астам адамды құрайды.

egemen.kz.

Семинар

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

9 қаңтар күні аудандық Мәдениет үйінде адам өте көп болды. Мұнда бұл күні семинар-кеңес өткізіліп, ауылдықтар үшін аса маңызды - ауылшаруашылық құрылымдарына қолдау көрсететін мемлекеттік бағдарламалар, басқа да бизнес-құрылымдардың тауарлы-сүт фермаларын құруы, шағын және орта бизнестің, туризмнің дамуы туралы мәселелер талқыланды.

Семинар-кеңеске ауылдық округтер әкімдері, ауылшаруашылық құрылымдарының басшылары, кәсіпкерлер, ауылшаруашылығы және ветеринария бөлімінің, Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің мамандары мен басшылары, медициналық және клуб мекемелерінің қызметкерлері қатысты.

Семинарды ашқан, оның мақсаты мен міндеті жайлы баяндаған аудан әкімінің орынбасары Жанболат Тыныбеков облыс орталығынан келген қонақтарды таныстырды.

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасының азық-түлік және өңдеу өндірісі бөлімінің басшысы Жәния Мұхамедқалиева сүт жинау бойынша даярлау пункттерін құру туралы айтты.

«Катонқарағай ауданында аудан әкімі Қалиқан Байғонұсовтың тапсырмасы бойынша бұл жұмыс өткен жылдың жазынан бері жүргізілуде,- деді ол. - Өнімді сатып алуды ұйымдастыру бойынша жауапты тұлғалар ретінде ауылдық округтер әкімдері, мал емгерлері, сүт жинаушы кәсіпкерлер анықталды. Үй-үйді аралау барысында әрбір ауылдық округте сүт тапсыру мүмкіндігі зерттелді. Бұл жұмыс мемлекетке де, шаруаларға да, өңдеушілер мен кәсіпкерлерге де қажет, өйткені, сауылған сүтті үнемі бұзауларға беру экономикалық тұрғыдан тиімсіз. Сондықтан, әрине, мұқият есеп, ветеринарлар тарапынан бақылау жүргізу қажет. Бұл жұмыстың сапалы жүргізілуіне ықпал етеді. Тек сонда ғана сүт жинау баршаға тиімді болады. Бұл үшін біз үлгі ретінде арнайы есеп жүргізетін журналдар әкелдік.

Алдын-ала есептеулер бойынша жылына аудан тұрғындарынан 4,5 мың тоннаға таяу сүт сатып алуға болады. Демек, 3-4 сүт қабылдау пунктін ұйымдастыру қажет. «Агробизнес – 2020» бағдарламасында қарастырылған бағаның 20 пайызына таяу мөлшерінде сүтті салқындату, сақтау және өңдеу құралдарын сатып алуға мемлекеттік қаржы қарастырылған. Екінші деңгейлі банктер арқылы басқа да бағдарламалар бойынша сүт өндіруге, сатып алуға, асыл тұқымды бұқаларды ұстауға жеңілдетілген жәрдемқаржылар беру қарастырылған.

Біздің облысымызда сүт өнімдерінің



негізгі өңдеушісі – «Восток – Молоко», «Эмилъ» және «Багратион- Ұлан» ЖШС-і. Олар қазірдің өзінде тұрғындар мен сүт жинау пункттерінен сүтті қандай бағамен сатып алатындықтарын айтты. Қосымша құн салығын қоса есептегенде – оның 1 литрінің бағасы тиісінше 60, 70 және 80 теңгеден болады. Осыған сәйкес, алдағы уақытта сіздердің аудандарыңызда сүт жинайтын неше пункт болатындығын және олардың қай жерде орналасатындықтарын анықтау қажет,- деді Жәния Басарқызы.

Сондай-ақ, семинарға қатысушыларға шаруалар мен бизнесмендерге қолдау көрсету бойынша, туризмді дамыту мемлекеттік бағдарламалары жайлы - кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының бас маманы Аслан Қабдығалиев, ШҚФ «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АО-ның несиелік бас менеджері Серік Сұлтанов, ШҚО бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту Қорының кеңесшісі Ренат Оразбаев, «Алтын Алтай» жобасының үйлестірушісі Дмитрий Григорьев, «Катонқарағай НС» ЖШС-і басқармасының төрайымы Айтжамал Карина, аудан бойынша кәсіпкерлер Палатасы филиалының директоры Бердібек Ережепов әңгімеледі.

Аудан қонақтары мен жергілікті мамандар залдан түскен сауалдарға жауап

берді.

Ауылшаруашылық тауарөндірушілерді, кәсіпкерлерді және ауданның туризм саласын қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы жайлы аудан әкімінің орынбасары Жанболат Тыныбеков баяндама жасады.

Семинар-кеңестің жұмысы пленарлық және секциялық бөлімдерден тұрды. Түскі үзілістен соң, мамандар мен оған қатысушылар жұмыстарын жергілікті шығармашылық үйінде үш секцияда жалғастырды. Алғашқы секцияға қаржылық институттардың, қаржылай қолдау қорының, ауылшаруашылығы басқармасының, Агронесиелік корпорацияның және жұмыспен қамту бөлімінің өкілдері енді. Екінші секцияға – ауданның кәсіпкерлік және өндіріс басқармасының мамандары, «Даму» қорының және кәсіпкерлік палатасының, үшіншісіне – «Алтын Алтай» жобасының және туристік орталықтың өкілдері енгізілді.

Бұл семинарда ауыл тұрғындарын әртүрлі бизнес-жобаларға белсене қатысуға шақыратын пайдалы мәселелер талқыланды.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет Ж. Жақыповтікі.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Катонқарағай аудандық мәслихатында 2-91-56 нөмірлі сенім телефоны жұмыс істейді.

Аудан әкімі аппаратының ғимаратының кіреберісінде аудандық мәслихатқа жолданған азаматтардың лауазымды тұлғалардың заңсыз іс-әрекеттері туралы шағымдары мен жүгіністеріне арналған жәшікше орнатылған.



«РОЖДЕСТВО» АТАП ӨТІЛДІ

МЕРЕКЕ

Жыл сайынғы игі дәстүр бойынша, аудандық мәдениет және тұрғындар демалысы Орталығы жастар Орталығы және аудандық кітапхана қызметкерлерімен бірлесіп, үлкеннарындықтардың үйлеріне барып, христиан мейрамы – Рождествомен құттықтады.

Әсем безендірілген атшаналармен, орыс ұлттық киімін киінген олар еңбек ардагері, 91 жастағы К.Е.Литвинованың, ұзақ жылдар мемлекеттік органдарда еңбек еткен В.Т.Тайчинованың, мәдениет саласының ардагерлері Н.И.Иванованың, Н.Т.Рязанцеваның, «Қазақстанға 40 жыл» кеңшарында ұзақ жылдар жүргізуші

болып еңбек еткен В.Д.Баклановтың үйлеріне барып құттықтады. Сондай-ақ, сол күні мерекелік экипаждар зейнеткер Воробьевтардың, медицина саласының ардагері Н.Н.Исупованың, кәсіпкер А.Чановтың және тағы басқа үлкеннарындықтардың аулаларында құттықтаулар мен ән-билерін орындады. Осындай кездесудің бірінде аудандық баспахана ардагері Е.Козловская, жасы ұлғайған адамдар кездесіп, мерекелік және өзге де айтулы күндерді атап өтуге болатын, «За чашкой чая» атты клуб ұйымдастырса деген ұсыныс білдірді.

Бұл күні ауданның басқа да елдімекендерінде осындай халықтық серуендер өтті.



Өз тілшіміз.

Ел экономикасына серпін берер құжат



Қазақстан Республика Президенті Ата заңымыздың қағидаттары және «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» ҚР Заңының 19- бабы негізінде жыл сайын Қазақстан халқына елдегі жағдайы және Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Жолдау арнайды.

2014 жылғы 11-қарашадағы «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы тарихи маңызды оқиғаға ұласты. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан халқына арналған «Нұрлы жол» атты жаңа экономикалық саясатқа бағдарланған Жолдауын жария етті. Елбасының алдын ала ескертілместен Жолдауды жария етуі ең алдымен әлемдік қалыптасқан ахуалға, экономикалық дағдарыстың қарқынына байланысты болып отыр. Ресей мен Батыстың арасындағы санкциялық текетірестер, таяу Шығыста болып жатқан жағдайлар, әлемдік нарықтағы бағаның құлдырауы мен экономикалық өсімнің баяулауы еліміздің экономикасын әсер етпей қоймайды. Осындай алмағайып жағдайда кейбір позицияларды шапшаң қайта қарау, қажетті жерлеріне түзету енгізу жөн болмақ. Міне, осы жағдайларды ескерген Елбасы «Біздің алдымызда тұрған қатерлерге жауап ретінде мен бүгін «Нұрлы Жол» Қазақстанның Жаңа экономикалық саясатын жарияламақпын. Тұтастай алғанда бұл жаңа экономикалық саясат контрциклды сипатқа ие болып, ұлттық экономикамызда құрылымдық реформаларды жүзеге асыруға бағытталады», - деді Елбасы. Жолдаудың мәнін айтқанда да Елбасы: «Алдымызда тұрған екі-үш жыл бүкіл дүниеге де, елімізге де оңай болмайды. Сондықтан, не істеуіміз керек, қандай шаралар қолдануымыз керек деген мәселе көлденеңдейді, осыған байланысты мен Жолдауды ертерек жарияладым, қалған елу күннің ішінде Үкімет осы Жолдауда көрсетілген мәселелерді орындау үшін тиісті іс-шаралар қабылдап, Жаңа жылдан бастап іске кірісуі керек», - деп кесіп айтты. Билік ең алдымен халықтың сенімін ақтап, қиын-қыстау жағдайдан елді аман-есен алып шығу жолдарын ойлауы керек. Міне, Елбасының «Нұрлы Жол» атты жаңа экономикалық саясатқа бағдарланған Жолдауының басты ұстыны осы болса керек.

Тұрақты әлеуметтік-экономикалық

дамуды қамтамасыз ету, экономиканы сыртқы жайсыз жағдайлардан қорғау үшін құрылған Ұлттық қор қаражаты бүгінгідей күрделі кезеңді еңсеруге, халықтың жағдайын қиындатпауға, экономиканың өсімін ынталандыруда, шағын және орта бизнесті жеңілдікпен несиелендіруге, көліктік, энергетикалық, индустриялық және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, банк секторын сауықтыруға, жаңа инвестициялар тарту үшін жағдайлар жасауға, ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің құрылысын несиелеуге жұмсалатын болды.

Елбасы Үкіметке әр бағытқа қатысты қадау-қадау тапсырма жүктеді. Ендігі міндет – Ұлттық қор қаражатын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету. Бұл да атқарушы биліктің бірінші әрі басты міндеті болмақ.

Әсіресе әлеуметтік мәселелердің бірі халықты баспанамен қамтамасыз ету мәселесі қуантады. Бұл ретте Нұрсұлтан Әбішұлы жалға берілетін баспана құрылысына қатысты бағдарламаны қайта қарауды жүктеді. Президенттің сөзіне қарағанда, жаңа бағдарлама бойынша баспана еш делдалдарсыз, барынша төмен пайызбен беріліп, несиелік қызмет 1-2 пайыз көлемінде болуы мүмкін. Осы бағдарлама аясында тұрғын үйді сатып алу құны төмендетіліп, бастапқы жарнаға тыйым салынады. Ипотека үшін төмен пайыздар баспананы қазақстандықтардың көптеген жіктері үшін қолжетімді ете түседі. Ипотекаға төмен пайыздар халық үшін баспананы елеулі қолжетімді етеді.

2015 жыл- Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияланды. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда. Ел Бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті. Әр азаматты Жолдаудың іс-жүзінде жүзеге асуына бір жұдырықтай болып ат салысуға шақырамын.

Қайрат Нұрқанов,
аудандық Әділет
басқармасының басшысы.

БАЛАБАҚШАНЫҢ БОЛАШАҚҚА ҚАДАМЫ

Елбасымыздың жыл сайынғы халыққа Жолдауында үнемі қозғалатын мәселелердің бірі – мектепке дейінгі білім берудің деңгейін көтеру, бүлдіршіндерімізді балабақшамен қамтамасыз ету, соның ішінде инклюзивті білім беруді қолға алу болып отыр.

Елбасының «Нұрлы жол- болашаққа бастар жол» атты жолдауында бұл мәселе тіптен нақтылана түсті. Балабақшалар ашылып, мектепке дейінгі мекемелерде орындар тапшылығын түбегейлі қысқарту үшін, үш жыл бойы қосымша 20 миллиард теңге бағыттауды тапсырды. Соңғы жылдары жанданып, жұмысы бір арнаға түсіп келе жатқан мектепке дейінгі мекемелердің бірі ретінде біздің ұжым Елбасының мұндай назарын қуана қарсы алдық.

Осындай нақты тапсырманың нәтижесін біздің «Күншуақ» балалар бақшасының тіршілігінен көруге болады.

Балабақша 1970 жылдан бастап жұмыс жасап, нарық қыспағында жұмысын тоқтатпай, сыннан сүрінбей келе жатқан аудан көлеміндегі бірлі-екілі ғана қалған балабақшалардың бірі. Осындай тарихы бар тәрбие мен білім ордасы 2013 жылдың қаңтарында атауын «Күншуақ» құрама үлгідегі балалар бақшасы» КМҚК-ға өзгертіп, жұмыс бағытын да бүгінгі күн қажеттілігіне қарай бұрды. Бұл мектепке дейінгі мекемеде балалармен жұмыс жалпы тәрбиелеу мен оқыту және инклюзивті бағытта да жүреді.

Бүгінгі күні балабақшада 2 топта 40 тәрбиеленуші бар. Соңғы кезде бала тілінің кешеуілдеп шығатыны жиі кездеседі және бұл көкейкесті мәселе болып отыр. Осы мәселенің алдын алу үшін, ауданымызда алғаш рет жергілікті бюджет қаражатына 15 бүлдіршінге ақысыз топ ашылды. Бұл топта арнайы мамандар (логопед, дефектолог, психолог) балалармен жекелей жұмыстарды түзету бағытында жүзеге

асырады. Жеке жұмыс арнайы жабдықтарды қажет ететіндіктен, аудандық бюджеттен 420 мың теңге қаржы бөлініп «Дельфа» логопедиялық тренажері алынды. Қазір бұл тренажер күнделікті жұмыста 3 жасар бала тілін шығаруға үлкен көмекші болып отыр.

Балабақша ғимараты 2013 жылы күрделі жөндеуден өтіп, қазір баламен жұмысын жан-жақты қолға алған кезеңде.

Ата-аналарға ашық көрсетілімдер жиі ұйымдастырылады. Атап айтқанда, үш айда бір ұйымдастырылып отырылатын «Ашық есік күні» ата-аналарды қызықтырады. Бұл күні ата-ана баламен педагог жұмысын бақылап көріп, логопедтің жеке сабағына өзі де қатыса алатын, маманнан кеңес алатын мүмкіндік туады.

Ал ерекше қажеттілігі бар балаларға назар аударылып, дер кезінде көмек жасалып жатқаны үшін ата-аналардың алғысы ұшан-теңіз.

Балабақша жұмысына қызыға араласып, белсенділік танытып жүрген – Рақымжанова Мадина, Кенжебаева Жанат, Бектенева Зульфира, Бакен Айдынгүл, Нұралгазинова Бақыт, Тұрашева Сәуле, Батырқанова Сәуле сияқты ата-аналарды атап айтуға болады.

Бүгінгі күні кез-келген ата-ана баласы 3 жасқа толғанда міндетті түрде бақшаға беру керектігін терең ұғатын болды, себебі, мектепке бармас бұрын бүлдіршін құрбыларымен қарым-қатынасқа түсіп, өзін ортада еркін сезініп үйренуі керек. Көпшілікке тәрбиелеу отбасында 1-2 баласы бар қазіргі жанұялар үшін өте қажетті.

Тәрбие мен білімнің негізі балабақшада қаланатынын тілге тиек ете келе, осындай уақыт талабына қарай жұмысын жаңартып, қоғамға сапалы үлесін қосатын игі істер көп бола берсін.

Үміт Ережепова,
«Күншуақ» балалар бақшасының
меңгерушісі.

Қайырымдылық

БАЛАЛАРДЫ ҚУАНЫШҚА БӨЛЕДІ



30 желтоқсан күні Үлкен Нарын ауылдық округі әкімдігінің ұйымдастыруымен Көкбастау, Жұлдыз, Көктерек, Балғын, Үлкен Нарын, Свинчатка ауылдарында тұратын мүгедек, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балаларына жаңажылдық сыйлықтар сатып алынып, әрбіреуінің үйлеріне апарып таратылды.

Жаңа жыл – сиқырлы мереке. Әсіресе, балалар осы күні Аяз Атадан сыйлық тілеп, ғажайыптардың болатынына сенеді. Ал арман-тілегі көп жарымжан балалар үшін бұл күні бір ғажайыптың болғаны керек-ақ. Балаларға базарлық жасаған ұйымдастырушылардың да көздегені осы еді.

Үлкен Нарын ауылдығы жеке кәсіпкер азаматтардың көрсеткен ақшалай және материалдық демеушіліктеріне ауылдық округ әкімдігі балаларға жаңажылдық тәтті сыйлықтар мен қысқы жылы киімдерін өкелді.

Үлкен Нарын ауылдық округі әкімдігінің ұжымы аталмыш ауылдардағы балаларға Жаңа жыл қарсаңында көрсеткен көмектері үшін Н.Шаухин, Г.Ағажәева, В.Сайбекова, З.Чирцова, Н.Мұсабаева, Ж.Жанқұлова, С.Сейітмұхамбетова, А.Ағажәева, Ж.Толықпаева, Н.Дубаева, С.Бурабаева, Г.Базарова, Т.Гаврилова, Р.Байғонысова, Н.Лебольд, С.Тоқанова, Г.Сандыбаева, А.Нарестина, Б.Серьянов, А.Бахтияров, А.Мырзағалиева, З.Әйгербаева, Б.Әбу, А.Кемпірбаев, С.Байжұминова, Р.Серік, В.Брянцев сияқты жеке кәсіпкер азаматтарға шексіз алғыстарын білдіреді.

Жаңа жыл қарсаңында бүлдіршіндерді шаттыққа бөлеп, жүздеріне нұр сыйлаған қайырымды жандар алдағы уақытта да ауданымызда осындай шараларды жиі өткізуді жалғастырмақ.

Тимур Смағұлов.
Сурет автордікі.

ҰБТ-2015

Байқау - сынақ өткізілді



Ағымдағы жылы жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттау Ұлттық Бірыңғай Тестілеу (ҰБТ) және жалпы білім беретін пәндер бойынша қорытынды емтихандар нысанында өткізіледі. ҰБТ-ға орта білімнен кейін және жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түсуге тілек білдіргендер, жалпы орта білім туралы үздік аттестатты алуға үміткерлер, «Алтын белгі» белгісін алуға үміткерлер қатысады. Ағымдағы жылы республиканың жоғары оқу орындарына оқуға түспейтіндер және жалпы білім беретін пәндер бойынша Халықаралық ғылыми жобалар жарысы мен олимпиадалардың жүлдегерлері атанғандар аттестациялаудың дәстүрлі түрі - емтихан тапсырады.

2015 жылғы мектеп бітірушілерді ҰБТ-ге дайындау мақсатында Ұлттық тестілеу орталығы №133 филиалының қызметкерлері аудандық білім беру бөлімімен бірлесіп, келесі іс-шаралар ұйымдастырды: мек-

теп түлектерімен және олардың ата – аналарымен кездесулер, күзгі және қысқы каникул кезінде Үлкен Нарын ауылдығы ҰБТ өткізу орнында түлектердің байқау - сынақ тестілеуі өткізілді. Негізгі міндет - түлектерді, олардың ата аналарын ҰБТ өткізу технологиясымен таныстыру, психологиялық дайындық оқушылардың ішкі қамбасының жұмылдырылуы, қорқыныш сезімін, күйзелісін басқару болды.

Тестілеуге аудандағы 24 мектептен 139 түлек қатысты. Төмендегі оқушылар үздік нәтижелер көрсетті: Б. Зама-нова – 113 балл (Жамбыл орта мектебі), М. Құмарбекова – 111 балл (Ақсу орта мектебі), Ж. Токтасын -111 балл (Топқайың орта мектебі), П. Нұролдинова – 108 балл (Қ.Дамитов атындағы орта мектебі), Ф. Байшокова – 101 балл (Жамбыл орта мектебі).

Бақыт Нұралгазинова,
ҰТО № 133 филиал
жетекшісі.

Катонқарағай ауылдық округі әкімі А. Балтабаевтың есептік баяннамасы

2014 жылдың 11 қарашасында Елбасының «Нұрлы жол- болашаққа бастар жол» атты Жолдауы еліміздің Жаңа Экономикалық Саясатын алға сүйреп, біздің экономикамыздың таяу жылдардағы өркендеуіне ықпал ететін, Отанымызды бұрынғыдан да зор биікке көтеретін, жаңа шырдарға қол жеткізетін бағдар екеніне сенеміз.

Өткен кезеңдердегі ҚР мемлекет Басшысы Н.Ә. Назарбаевтың арнаған Жолдауларындағы көрсетілген экономиканы нығайтудың жолдарын, міндеттері мен тапсырмаларын басшылыққа ала отырып, Катонқарағай ауылдық округінде де экономиканың әр саласы оң көрсеткіштермен орындалуда.

Ауылшаруашылығы саласын мемлекет тарапынан қолдаудың арқасында 2014 жылы ауылдық округтің ауылшаруашылық саласын дамытуға «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 5 адам және «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасының 2-ші бағыты бойынша 11 адам, 37 млн. теңге несие алып, мақсатты пайдалануда. «Жайлау» бағдарламасымен екі ШҚ 200 бас қой алып, өсіруде.

Мал басы саны өткен есептік кезеңмен салыстырғанда: ірі-қара малы 12 пайызға, жылқы басы 13 пайызға, қой-ешкі 2,0 пайызға өсім беріп отыр. Сол сияқты өткен жылмен салыстырғанда ауылда ет өндіру 6%, сүт-5% артты.

Әлеуметтік салада Жол картасы-2020 бағдарламасы бойынша 17 млн 698 мың теңге қаражатқа Е.П.Рыков атындағы және 17 млн 360 мың теңге қаражатқа В.И.Ленин атындағы орта мектеп шатырлары жаңаланды. 108 млн 704 мың теңге қаражатқа Катонқарағай ауылындағы интернат мекемесіне берілген үш қабатты ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстары

жүргізіліп, іске қосылды. Қазіргі уақытта осы мекемеде 41 оқушы тәрбиеленуде.

Жұмыспен қамту орталығында тіркелген 64 адамның 58-і жұмысқа орналастырылды, екі адам кәсіби дайындықтан өтті. Жаңадан ашылған жұмыс орындары бойынша жоспарланған 150 адамның орнына 153 адам жұмысқа орналасып, оның ішінде 29 адам тұрақты 124 адам уақытша жұмыспен қамтылды.

Инфрақұрылымды дамыту мақсатында «Аймақтарды дамыту» бағдарламасына сәйкес, Жаңауыл ауылында 1,9 млн. теңге қаражатқа көшеге 19 жарықшамдар орнатылды.

32 млн. теңге қаражатқа ұзындығы үш шақырым «Сарымсақты» өзенінің саласы, Катонқа арнасын бекіту жұмыстары жүргізілді.

Қабанбай және Абай көшелеріне барлығы 32 млн. 500 мың теңге қаражатқа жалпы ұзындығы 3,05 шақырым қара жамылғы төсеу жұмыстары жүргізілді. Малемгерлік зертхана құрылысының жұмыстары жалғасуда.

ҚР «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару» Заңының 2014 жылдың 18 ақпанындағы өзгерістері мен толықтырулары бойынша ауылдық округ әкімдеріне ҚР Әкімшілік Кодексінің 165, 300, 311, 387 баптары бойынша айыппұл салу құзыреті берілген. Осыған байланысты, «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» ҚР 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 387 бабына сәйкес, құқық бұзған 45 азаматқа ескерту және әр түрлі мөлшерде айыппұлдар салынды.

«Туған жерге тағзым» акциясы аясында Әбдікерім атындағы Шыңғыстай орта мектебінің 30 жыл бұрын бітірген түлектері ауылға кіреберісте қақпа, яғни, арка және 20 жыл бұрын бітірген түлектері ҰОС

ардагерлеріне арнап ескерткіш тақта орнатты. Сонымен қатар, Катонқарағай ауылындағы интернат ғимаратын жөндеуші мердігер «Жарма Құрылыс-Газ» ЖШС-і жобалық-сметалық құжаттардан тыс, маңайындағы қоршауларын жасап, өз қаражаттарымен демеушілік көрсетті. Және де осы мекемеге «Атамекен» ШҚ басшысы Тоқтасын Бәкімбаев өз қаражаты есебінен балаларға арнап монша салып берді.

Барлық салық түрлері бойынша жоспарланған 8 527 680 теңгенің орнына 8882538 теңге қаражат жиналып, жоспар 113 пайызға орындалды. Бюджетке түсетін қосымша салық көздерін іздестіру алгоритмі бойынша ауылдық округте комиссия құрылып, нәтижесінде бюджетке 60746 теңге мүлік салығы, 123502 теңге жер салығы түсірілді.

Кәсіпкерлік саласында 2014 жылы жеке кәсіпкерлер Б. Қаженова және А. Нығметов тойхана ғимараттарына заманауи талапқа сай күрделі жөндеу жұмыстарын өткізіп, іске қосты. Сондай-ақ, жеке кәсіпкерлер - Тоқпаев Әділжан, Мәжінов Саят, Рахымжанов Жігер, Можанова Зарина, Дәменова Алмаш дүкендер салса, Кабанбаев Асқарбек, Сақошева Күләми дәмханалар, Кешілбаев Махамбет, Дүзгүмбаева Мәруә техника жөндеу станцияларын салды.

«Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламасының екінші бағыты бойынша екі жеке кәсіпкер наубайхана, асхана ашуға 4,5 млн. теңге несие алып, өз істерін бастады.

Ауылдық округте шешілмей тұрған мәселелерде бар. Олардың қатарында:

Ауылдың жылу беру жүйесін күрделі жөндеуден өткізу.

Алтай бөлігіне ауызсу құбырын жүргізу және ауылымыздағы әр үйге су жүйесін

енгізу;

-Жаңауыл, Шыңғыстай ауылдарында ауызсу мәселесін шешу.

Ауылдық округтің 2015 жылға экономикалық даму жоспары. Ауылшаруашылығы саласында қосымша бір тері өңдеу цехын; бір асыл тұқымды ірі-қара мал шаруашылығын және 1 бал құю цехын ашу; 1 сүт өнімдерін жинау пунктінің, оны өңдеу цехын ашу, «Атамекен» шаруа қожалығы негізінде шұжық цехын ашу, 6 шаруа қожалықтарында қымыз құю цехы және 1 көкөніс қоймасын салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, мал санын, ауылшаруашылығы өнімдерін 10-15 пайызға дейін арттыру жоспарлануда.

Кәсіпкерлік саласы. Дәрілік шөптерді жинап, алғашқы өңдеуден өткізіп, ары қарай экспортқа шығару өндірісін ашу, ағаш өңдеу цехын ашу, жиһаз жасау цехын, туристік кешен салу, сауықтыру кешені, кірпіш зауыты, кіші наубайхана ашу, қонақ-үй салу, өндірістік база салу, көше жарықшамдарын құрастыру бойынша цех ашу, құрылыс материалдарын өңдеу цехын ашу, 3 дүкен, 2 дәмхана ашу, 2 дәріхана және жанар-жағар май құю станциясын ашу. Қосымша 110 жұмыс орындарын ашу жоспарлануда.

Округтің инженерлік инфрақұрылымы және әлеуметтік дамуы

Бұл саланың басты мақсаты - ауыл тұрғындарының тұрмыстарын жақсарту болып табылады ауылдың инфрақұрылымын дамыту мақсатында төмендегідей жоспар құрылды:

-Катонқарағай ауылындағы жылу беру жүйесін күрделі жөндеуден өткізу;

-Алтай бөлігіне су жүйелерін жүргізу;

-Қатты қалдықтар төгетін полигон салу;

-Термомодернизация бағдарламасы бойынша 2 көппәтерлі тұрғын үйлерді жөндеуден өткізу.

Алтынбел ауылдық округі әкімі Қ. Жексембаевтың есептік баяннамасы

Ауылдық округ бойынша Елбасымыздың «Нұрлы жол- болашаққа бастар жол» Жолдауына сәйкес, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, әлеуметтік қорғау, шағын және орта бизнес, туризмді дамыту, ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламалары бойынша жұмыстар атқарылды. 2015 жылғы Жолдауға сәйкес іс-шаралар жоспары бекітілді.

Өткен жылы есеп беру жиынында айтылған халықтың өтініш -тілектері, ұсыныс - пікірлері жүзеге асырылуына байланысты іс-шаралар жоспары жасалып әкімшілік бақылауға алынды.

Осыған байланысты өткен жылы ФАП ғимаратының жылыту жүйесі жөнделді, электротеплофон арқылы жылынады, қосымша электротеплофон орнатылды.

Маусым-шілде айларында «Нарын - Сервис» ЖШС-нің қатысуымен құбырлар тартылып, мектепке су енгізілді. Май-ешер ауылындағы орталықтағы су құбыры ТҮКШ бөлігімен бірлесіп тексерілген, жобалық-сметалық құжаттама жасалған және 2015 жылға бюджеттік өтінім берілген.

- Маусым айында Нарын өзенін басқа арнаға бұру жұмыстары өткізілді, су басқа арнаға бұрылды.

- Строительный көшесіндегі ескі құбырды қалпына келтіру үшін мамандарды шақырдық, олар ескі құбыр қалпына келмейтіндігін айтты. Бұрғылаушыларға ұсыныс беріліп, шақырылған көше тұрғындары құдық бұрғылаудан бас тартты.

- Үштөбе ауылынан бір адам вет. санитар қызметіне жұмысқа қабылданды.

Округ бойынша тұрғындар саны 2661, үйлердің саны 580.

Алтынбел ауылдық округінің аумағы 38 мың шаршы километрді қамтиды. Округтің жалпы жер көлемі - 38141 гектарды құрайды, оның ішінде: шабындық жер - 4245 га, егістік жер - 8154 га, жайылымдық жер 21510 га.

2014 жылы округ бойынша жалпы егістік көлемі – 7939 гектар жерді құрады. Округ бойынша 157 га жерге картоп салынды, оның шығымы 2637 тоннаны құрады.

Округте 2015 жылдың 1 қаңтарына есеп бойынша ірі қара саны - 3616 бас, қой-ешкі 8585 бас, жылқы - 1846, құс 7710 дана, шошқа саны - 68 басты құрады, 2806 ара шелектері бар.

2014 жылы 1194,0 тонна мал еті, 3585,9 тонна сүт, 1074,2 мың дана жұмыртқа, 156 центнер көлемінде жүн тапсырылды.

Алтынбел ауылдық округінде 2014 жылдың қорытындысы бойынша төмендегідей салықтық төлемдер түсті:

Есептелген	Жоба	Орындалуы	%
Мүлдіктік	60639	66900	теңге 110
Жер салығы	217400	246800	теңге 113
Көлік салығы	2059961	2059961	теңге 100
Барлығы :	2338000	2373661	теңге 100

Тірек ауылы ретінде Алтынбелде 2014 жылы атқарылған жұмыстар:

2014 жылға 16 жоба 75630,0 мың теңге көлемінде жоспарланып, оның ішінде 14 жоба 59743,0 мың теңге көлемінде орындалды.

Ауыл тұрғындарын еліміздегі әлеуметтік – экономикалық, саяси реформаларға қосқан үлесі мен алдағы міндеттері жайлы хабардар ету - есептік кездесулердің маңыздылығын айқындай түседі.

Өткен жылғы есеп беру кезінде айтылған ескертпелер мен ұсыныстарға тоқталатын болсақ о л а р:

- Еңбек ауылында мәдениет үйінің қажеттілігі. Ауызсу мәселесін түбегейлі шешу. Бұқтырма өзенінің жағалауын шегендеу;

-Аршаты ауылындағы басты мәселе – жол қатынасының нашарлығы. Құрылысы аяқталмаған нысандарды салып бітіру, пайдалануға беру;

-Өрел ауылында ауызсу мәселесін түбегейлі шешу.

Еңбек ауылында шешілуі кейінге қалдырылған негізгі мәселелерді шешу үшін аудан әкімінің нақты тапсырмалары берілген. Бұқтырма өзенінің арнасын түзету, өзен жағалауын шегендеу, тұрғындар ауыз су алып отырған

ауылдағы жалғыз су көзін өзен арнасының астында қалудан сақтап қалуға бағытталған жұмыстар 2014 жылдың қаз айында, қысқа мерзімде атқарылды. Оңтайландыру кезінде жекеменшікке өтіп кеткен ауыл клубы қайтарылып алынып, ғимаратқа күрделі жөндеу өткізу үшін 15 млн. теңгеге смета жасалынып, қаражат бөлінді. Жалпы құны 10,1 млн. теңгеге ауылға су құбырын тартуға смета жасалынып қаражат бөлінді. Аймақтарды дамыту бағдаламасы аясында жыл сайын берілетін 1,9 млн. теңге қаражатқа ауыл көшелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін смета жасалынып, бекітілді.

2014 жыл Аршаты ауылының тұрғындары үшін әлеуметтік жағдайын жақсартуда өте табысты жыл болды. Үш бірдей құрылыс нысаны аяқталып пайдалануға берілді. Олар - жалпы құны 277 млн. 876 мың теңгені құрайтын «Бұқтырма» өзеніне жаңа көпір, жобалау-сметалық құны 36 млн. теңгені құрайтын бастауыш сынып ғимараты

жобалау-сметалық құны 71 млн. теңгені құрайтын спортзал ғимараты салынып, пайдалануға берілді. Аймақтарды дамыту бағдарламасы аясында бөлінген 1 млн. 700 мың теңгеге ауылдың орталық «Күншығыс» көшесіне құм-тас төгілді. «Нарын-Сервис» ЖШС-і арқылы игерілген қаражатқа жергілікті маңыздағы 14 шақырымдық Берел – Аршаты бағытындағы жолға ағымдағы жөндеу өткізілді.

Жобалау-сметалық құны 439 млн. теңгені құрайтын жалпы ұзындығы 13 шақырымнан тұратын су құбырының құрылысы басталды. Құрылыс екі жылға жоспарланған. Үстіміздегі жылдың қараша айында пайдалануға берілмек.

2014 жылы ауылдық округ жергілікті салық жинаудан берілетін тапсырманы салықтың барлық түрлерінен орындады.

2104 жылғы ауылдық округке қарасты 3/ұш/ орта мектептегі ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындысы төмендегідей;

- Өрел орта мектебі – 79,6 %;

- С.Түкібаев атындағы Еңбек орта мектебі – 74,0 %;

- Аршаты орта мектебі - 73,7 %;

Ауылдық округ бойынша орташа көрсеткіш – 75,7 %.

Ауылдық округте әйелдер кеңесі, ардагерлер кеңесі, ақсақалдар алқасы қоғамдық комиссиялары ауылдық округ әкімімен бірлесе жұмыс атқарады.

Ауылдық округ тарапынан жастарды қолдау шаралары үнемі жүргізіліп отырады. Жастарды кәсіпкерлікке тарту, олардың өзін - өзі жұмыспен қамтуы, жеңілдетілген несие алуға қол жеткізуі үнемі бақылауда ұсталынады, Ауылдық округтегі клуб, спорт залдарында ауыл жастарының кешкі уақыттарын өткізуге жағдай жасалған.

Тек соңғы жылдары ғана «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасының 2 ші бағытына қатысып, 28 отбасы 62 млн. теңгенің несиеcін алды. Отбасын, өзін жұмыспен қамтып, жаңа жұмыс орындарын ашты. Өз кәсібін өрістетуге мүмкіншілік

алды.

Біздің өңірде туризмнің дамуы, жол бойындағы сауда – саттықты дамытудың қажеттілігі жылдан – жылға ауыл тіршілігіне деңдеп кіруде. Осы мақсатта алғашқылардың бірі болып ауылдың кіреберісіне жол бойына «Алғабас» шаруа қожалығы Дүйсембаев Қайырды дәмхана ашты. Алда шағын автокөлік жөндеу шеберханасы мен автокөлік жуатын орын ашуды жоспарлауда. Жаз айларында қымыз өндірумен шұғылданушылар көбейуде. Әсіресе, жол бойында бие байлап қымыз өндіретіндер қызмет көрсету деңгейін арттырып, ұлттық тағамдар - сүт өнімдерін саудалаумен де шұғылдануы қажет. Бұл бүгінгі күннің талабы. Ауылға келген қонақтар мен туристерді қабылдап, қонатын орынмен, тамақпен қамтамасыз етіп шағын қонақ үйлер ашқан адамдар біртіндеп көбейіп келеді

2015 жылға жалпы саны 19 жоба қабылданған. Оның 11 жобасы ауылшаруашылығы бойынша, 8 жоба кәсіпкерлікті дамыту мен ауыл туризмін қолдауға арналған жобалар. Бұл жобаларды іске асыру барысында 60 млн. теңге қаражат игеріліп, 38 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Жоспарланған жобаларды игеру барысында 29 млн. теңге сол жобаларды іске асырушылардың өз қаражаты есебінен, 31 млн. теңгесі Үкіметтің бағдарламаларға қатыса отырып несие алу жолымен атқарылмақшы. Қабылданған жобаларды іске асыру барысында ауылдық округте мал басының барлық түрлерін көбейту, малдан алынатын өнімді молайтуға қол жеткізу мақсат етіп қойылған.

Ауыл тұрғындарының табысын молайтудың пайдаланылмай отырған резерві - ол сүт өнімдерін саудалау. Бүгінгі күнге ауылдық округте 1900 бас сиыр бар. Бірақ, осы малдан сүт сауып, пайдаға жарату деңгейі өте төмен. Көптеген отбасылар сиыр ұстай отырып оны саумайды.

Жыл көлемінде 42 отбасы қоршау

шарбақтарын жаңаласа, 28 отбасы үйлерінің шатырын ауыстырып көрнекті әсем етіп үйлерін қаптады. Жеке кәсіпкерлер Болаева Балжан, Көшербаева Жанар дүкендерін, наубайханасын кеңейтіп, ғимараттарына жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Негізгі сала - мал шаруашылығы болып отырған өңірде мал басын көбейтуге, мал тұқымын асылдандыруға бағытталған Үкіметтік бағдарламаларға қатысудың маңызы зор. 2014 жылы «Жайлау» бағдарламасына қатысқан Аршатылық Қасымханов Телжан, Өрел ауылынан Дүйсембаев Қайырды 200 бас саулық қой алып, мал басын көбейтіп өсіруге ден қоюда. Мал тұқымын асылдандыруда «Сыбаға» бағдарламасының берері көп. 2013 жылы аршатылық Жатағанов Шалқар осы бағдарламаға қатысып «Қазақтың ақ бас сиыры» тұқымының бұқаларын әкелді.

Жоғарыда атап көрсеткендей, қымыз өндіру көлемі жылдан – жылға көбейіп келеді. Айталық, 2012 жылы – 272 ц., 2013 жылы – 320 ц., 2014 жылы – 350 ц. қымыз өндірілді. Округ орталығы Өрел ауылының 2012 жылдан бері тірек елді мекендерінің қатарына еніп, мемлекет тарапынан қаражат бөлінуі, ауыл әлеуетінің артуы, ауыл тұрғындары тіршілік ету үшін барлық жағдай жасалынуының арқасында, ауыл-іргелес елді мекендер үшін шын мәнінде «тірек» болды. Оған дәлел - ауыл халқының соңғы жылдары біршама тұрақтанып, ішкі көші – қон мәселесінің оң сипат алуы, дүниеге келген нәрестелер санының біртіндеп өсуі, мектеп оқушыларының, балабақша тәрбиеленушілері санының тұрақтануы.

Алда, әрине, атқарылар жұмыстар көп. Оның барлығы да ауыл тұрғындарының тұрмыс жағдайының түзелуіне, өзін - өзі жұмыспен қамтып, отбасын, елімізді азық-түлікпен қамтамасыз етуге бағыттала беретін болады.

ЖОБА

2015 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7-бабының 5) тармақшасының, 20-бабының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңын жүзеге асыру бойынша шаралар туралы» қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру ережелерінің 6, 7, 8, 18-тармақтарының негізінде, мемлекеттік көпірдіктер жүйесін кеңейту мақсатында және жұмысқа орналасуда қиыншылық көретін халықтың әртүрлі топтарын қолдау үшін, Катонқарағай аудандық әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.2015 жылы қоғамдық жұмыстар өткізілетін ұйымдардың қоса беріліп отырған тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, қаржыландыру көздері және нақты шарттары бекітілсін.

2.Жергілікті бюджет қаражатынан еңбекақының мөлшері 2015 жылға белгіленген ең төменгі жалақыдан кем емес мөлшерде бекітілсін.

3.Осы Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Рақышеваға жүктелсін.

4. Осы Қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалиқан Байғонұсов,
аудан әкімі.

Аршаты ауылының тұрғыны Бөленханова Әлипа Рақымбайқызын 60 жасқа толу мерей-тойымен құттықтаймыз!

Сіз жаңа жылдың ең бірінші күні дүниеге келген бақытты, еңбекқор, ақкөңіл, бауырмал, тәуекелшіл жансыз!

Сізге ұзақ өмір, зор денсаулық тілейміз!

Ұлыңыз Ержан мен қызыңыз Әселдің қызығын көріп, не-

мере, шөбере сүйіп туыстарыңыздың арасында осы

көңілді де қуатты, қалпыңызда жүз

қайратты жасыңызды тойлайық!

АПА МЕН СІЗДІ ЖАҚСЫ КӨРЕМІН!
Барлық туыстарыңыздың атынан - Нарғиз.

Хабарландырулар

Ақсу ауылындағы «Еркетай» балабақшасына төмендегідей мамандар қажет:
-кастелянша - 0,5 бірлік;
-музыкалық жетекші - 0,25 бірлік.
Тел. 8(72342) 5-02-47.

«Әбдікерім атындағы Шыңғыстай орта мектебі» КММ-не декреттік демалысқа шыққан шағын орталық тәрбиешісінің орнына уақытша тәрбиеші қажет. Жүктемесі -1 бірлік.

Осы жылдың 2-ақпанынан декреттік демалысқа шығатын бастауыш сынып мұғалімінің орнына уақытша мұғалім қажет. Жүктемесі-18 сағат.

Қойылатын талаптар: талаптанушының таңдаған қызметіне мамандығы сай болуы керек.

Катонқарағай ауылындағы атауы жоқ көшеге атау беру туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» ҚР 1993 жылғы 8 желтоқсандағы ҚР Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, 2014 жылғы 3 қыркүйектегі Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссияның қорытындысы негізінде және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Катонқарағай ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Катонқарағай ауылдық округінің Катонқарағай ауылындағы атауы жоқ көшеге «Михаил Кильтер»

атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Катонқарағай ауылдық округі әкімінің орынбасары Б.Макишевке жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Амантай Балтабаев,
Катонқарағай ауылдық округінің әкімі.

Нормативтік- құқықтық акт 2014 жылғы 29 желтоқсанда нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3599 болып тіркелді.

Респонденттердің назарына

Құрметті респонденттер, Катонқарағай ауданының статистика басқармасы Сіздерге 2015 жылдың 1-қаңтарынан бастап 2014-жылғы 05 шілдедегі Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы № 235-V кодексіне енгізілген өзгертулер мен толықтырулар күшіне енгенін ескертеді.

Жаңа редакцияда респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну тәртібін бұзғаны үшін 497-бап бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

1.Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына алғашқы статистикалық деректерді дәйексіз ұсыну - ескерту жасауға әкеліп соғады.

2.Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына алғашқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде тапсырмау -

жеке тұлғаларға бес, лауазымды тұлғаларға,шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - жеті, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - он, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу қарастырылған.

3.Осы баптың бірінші және екінші тармағында қарастырылған,әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін қайталап жасалған іс-әрекеттер - жеке тұлғаларға- жеті, лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу қарастырылған.

499-бап бойынша әкімшілік деректерді ұсыну тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік қарастырылған.

1.Әкімшілік көздердің лауазымды

тұлғаларының мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға анық емес әкімшілік деректерді ұсынғаны үшін - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу қарастырылған.

2.Әкімшілік көздердің лауазымды тұлғаларының мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға әкімшілік деректерді ұсынбағаны үшін -он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу қарастырылған.

3.Осы баптың бірінші және екінші тармағында қарастырылған жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады.

Ерік Мамыров,
аудандық статистика басқармасының басшысы.

Еске алу

Жұлдыз ауылының тұрғыны болған аяулы қызымыз ЛУНАРА МАРАТҚЫЗЫНЫҢ мезгілсіз дүниеден озғанына 1 жыл толуына байланысты сағынышпен еске аламыз.

Жүрсе екен деп дін аман,
Бір Алладан сұрағам.
Жалғыз қызым сен едің,
Жүрегім сен деп жылаған.
Бой жеттің сен, көркіңе көз тоймастан,
Мөлдіреген көзіңнен, төп-тәтті сөзіңмен.
Жанашыр, ақылшым едің сырымды

бөліскен,
Жыл болды, күнде жылаумен, жылыңды тосумен.

Сағынамын Лунарам сағынамын,
Ата-ананды ұмытпашы жалынамын
Күрсінеді жүрегім іздеп сені
Сенсіз өткен бұл өмірді неғыламын,
Мөп-мөлдір бұлақ болған Лунарам-ай!
Соңымнан ерген балапаным-ай,
Қыршын кеттің, шешек атып гүл жармай,
Кім толтырар қайғы-мұңның орнын-ай?!



Еске алушылар: ата-анасы, аға-жеңгесі және туған-туысқандары.

15 қаңтар күні Үлкен Нарын ауылындағы «Нұржау» мейрамханасында қызымыздың рухына арналып құран бағышталып, жылдық ас беріледі. Сол асқа туған-туысқандарымызды, құда-жежжаттарымызды, ауылдастарымызды, дос-жарандарды, қызымыздың сыныптастарын шақырамыз.

«Арай»-«Луч» газетінің ұжымы, осы мекемеде ұзақ жыл еңбек еткен Серьянов Мерғазы Серьянұлына зайыбы
Қапиза Ахметқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Берел орта мектебі КММ ұжымы
Мұратов Алтай Әлібекұлының қайтыс болуына байланысты зайыбы зейнеткер ұстаз Бабаханова Гүлмайра Бұқарбайқызына және туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Балғын орта мектебінің ұжымы, осы мектептің мұғалімі Нұрзига Садықоваға және мектеп қызметкері Алтайгүл Садықоваға - апайларының, мектеп психологы Айнагүл Садықоваға - қайын апайының қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Балғын орта мектебінің ұжымы, осы мектептің директоры Ережепова Гүлбаршын Қайдарқызына және мектеп қызметкері Әмірбек Боржикинге - аналарының, мектеп мұғалімі Камила Чамчиеваға - енесінің қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Көктерек орта мектебінің ұжымы осы мектептің ұстаздары Елубаев Қадылбекке - анасы, Елубаева Шарбануға - енесі
Көлкеннің қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

КММ «Аршаты орта мектебінің» ұжымы осы мектептің директоры Абенова Гүлнар Түсейқызына енесінің және шағын орталық тәрбиешісі Алиханова Индираға қайын апасының қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Директор-редактор

Жомарт Жақыпов

Компьютерлік беттеу операторы:
Жайдары Нұрғазина
Газет нөмірі бойынша кезекші:
Нұрзада Исабаева

Құрылтайшы:

ШҚО Қаржы басқармасы.
Өкілетті орган: ШҚО Ішкі саясат басқармасы.

Телефондар:

Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60,
Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79.
Бухгалтер - 2-19-96.
Компьютер цехы (факс) - 2-14-60.
Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71.
Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
e-mail: arai-luch@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 25. 06. 2013 жылы № 13707-Г тіркеу туралы куәлік берілген.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» ЖШС-нің компьютерлік цехында теріліп, беттелді.
Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Космос к-сі, 6/3.
Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.

Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады.
Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. Индекс: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352. Нөмірдің таралымы - 3193 дана: «Арай»-1875, «Луч»-1290. № 5693 тапсырыс.